

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы Атқару комитетінің қаулысымен бекітілді.
Хаттама № 21, 14-т., 2022 ж. 23 желтоқсан

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің **«Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін»** төсбелгісі туралы
Е Р Е Ж Е

1. Жалпы ережелер

1.1. «Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін» төсбелгісі саладағы кәсіподақ белсенділерін, кәсіподақ қызметкерлерін көтермелеу үшін Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитетімен тағайындалады.

1.2. Төсбелгі диаметрі 34 мм болатын шеңбер, көлденеңінен 24 мм, тігінен 19 мм мөлшердегі таған нысанында болады. Металы – сары түсті (жез, алтындау) қорытпа. Төсбелгі ернеумен жиектелген. Төсбелгінің бет жағында Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының эмблемасы орналасқан. Эмблеманың айналасында шеңбер бойынша «Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін» деген сөздер жазылған. Төсбелгінің сыртқы жағында «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» деген жазу орналасқан.

Төсбелгі құлақша мен шығыршық арқылы көгілдір түсті (Қазақстан Республикасының туы түстес) жібек қатқыл лентамен тікбұрышты тағанға жалғанады. Тағанның сыртқы жағында түйреуіш бекіткіші болады. Төсбелгіге қоса куәлік беріледі. Төсбелгі кеуденің оң жағына тағылады.

2. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының **«Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін»** төсбелгісімен марапаттау

2.1. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін» төсбелгісімен кәсіподақ органдарының сайланбалы лауазымдарына сайланған босатылған кәсіподақ қызметкерлері, Қазақстандағы салалық кәсіподақ қозғалысын дамыту мен нығайту ісіне елеулі үлес және кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғауға жеке

үлес қосқан кәсіподақ аппаратының қызметкерлері, кәсіподақ белсенділері марапатталады.

2.2. «Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін» төсбелгісімен марапаттауға кәсіподақта кемінде 20 жыл жұмыс жасаған және бұрын салалық кәсіподақтың «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған кәсіподақ қызметкерлері мен кәсіподақ белсенділері ұсынылады.

3. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының **«Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін»** төсбелгісімен марапаттауға материалдарды ұсыну тәртібі

3.1. «Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін» төсбелгісін беру туралы шешімді облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалалары кәсіподақ ұйымының атқарушы органының ұсынысы бойынша Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті қабылдайды.

3.2. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін» төсбелгісімен марапаттауға өтініш білдірген кезде, Атқару комитетіне төмендегі құжаттардың түпнұсқалары ұсынылады:

- марапатталушының тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, кәсіподақ органындағы жұмысы, жұмыс жасайтын ұйымының толық атауын көрсете отырып, қызметкерді марапаттауға ұсыну негіздері көрсетілген кәсіподақ органының шешімінен көшірме.

Қаулыға облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалалары кәсіподақ ұйымының басшысы қол қойып, мөрмен бекітіледі;

- марапаттауға ұсынушы жұмыс жасайтын кәсіподақ ұйымы органының қолымен және мөрімен куәландырылған марапаттау парағы (1-қосымша).

3.3. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін» төсбелгісімен марапаттау үшін материалдар айрықша мәнді және мерейтой күндеріне дейін кемінде бір ай бұрын ұсынылады.

4. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының **«Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін»** төсбелгісін тапсыру

4.1. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін» төсбелгісі мен куәлігін салтанатты жағдайда Қазақстандық оқу-

ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Төрағасы, оның орынбасары немесе облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалалары кәсіподақ ұйымының басшысы тапсырады.

4.2. Марапаттау туралы құжаттың телнұсқасы қолданыстағы үлгідегі бланкілерде «Телнұсқа» деген жазба негізінде беріледі.

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ-нің «Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін» төсбелгісі» туралы ережесіне 1-қосымша

**«Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін» төсбелгісімен
марапаттауға
МАРАПАТТАУ ПАРАҒЫ**

1. Тегі, аты, әкесінің аты:
- мемлекеттік тілде: _____
- жеке куәлігі бойынша: _____
2. Лауазымы, жұмыс орны _____

3. Туған күні (күні, айы, жылы) _____
4. Ұлты _____
5. Білімі _____
6. Мекенжайы, телефоны _____
7. Жалпы жұмыс өтілі _____
8. Кәсіподақтағы жұмыс өтілі _____
9. Аталған ұйымдағы жұмыс өтілі _____
10. Марапаттау мерзімі көрсетілген кәсіподақ тарапынан көтермелеулер _____

11. Белгімен марапатталуға ұсынылатын қысқаша мінездеме және сіңірген еңбегі

Кандидатура талқыланды және ұсынылды _____

(кәсіподақ ұйымының атауы, талқылау күні, хаттама №)

**Салалық кәсіподақтың облыстық ұйым (филиал)
төрағасы**

(қолы)

(аты-жөні)

М.О.

« _____ » _____ 20 ____ ж.